

**"Кел, танысайық" . Баланың ШДО-ға бейімделуі  
тақырыбындағы іс-шара**

**Күні: 26.03.2025ж**

**Жауапты: Бауеденова Дамет - ШДО тәрбиешісі**



**"Біз қалай балалармен сөйлесеміз?"**

**Диагностикалық жұмыс**

**Күні: 21.04.2025ж**

**Жауапты: Кошкарбаева Асем Нурбакытовна - педагог-психолог**



## *«Балам – менің болашағым»*

### *Психологиялық тренинг*

*Күні: 10.09.2025ж*

*Жауапты: Кошкарбаева Асем Нурбакытовна - педагог-психолог*

Консультациялық пункт жоспары бойынша ата-аналарға арналған «Балам – менің болашағым» атты психологиялық тренинг өткізілді. Жиынның мақсаты – ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін күшейтіп, отбасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру.

✦ Тренинг барысында:

- Ата-аналар бір-бірімен ашық пікір алмасты
- Балаларымен байланыс орнату жолдарын үйренді
- Жағдаяттық тапсырмалар арқылы тәрбиелік әдістерін талқылады
- «Менің балам – менің мақтанышым» ой-толғауымен түйінделді
- Ата-аналар тренингтен мотивация алып, бала тәрбиесіне жаңаша көзқараспен қарау қажеттігін түсінді.



## «Ойын ой өсіреді»

Танымдық сабақ

Күні: 10.10.2025ж

Жауапты: Бауеденова Дамет - шағын орталық  
тәрбиешісі

Консультациялық пункт жоспарына сәйкес шағын орталық тәрбиеленушілеріне арналған ерекше сабақ ұйымдастырылды. Сабақтың мақсаты – балалардың логикалық, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамыту болды.

□ Оқушылар түрлі логикалық тапсырмалар орындап, қызықты есептер шешті, суреттер арқылы ой қорытып, өз көзқарастарын дәлелдеуге тырысты.

□ «Егер мен робот болсам...» сияқты шығармашылық тапсырмалар олардың қиялын дамытып, болашақты елестетуге мүмкіндік берді.

□ Сабақ барысында балалар белсенділік танытып, өз пікірлерін ашық айтып, бір-біріне қолдау көрсетті.

Осындай сабақтар – балалардың жан-жақты дамуына жол ашады.

✦ Ойлай білетін ұрпақ – ел болашағы!



## *«Түстерді тану»*

*Танымдық сабақ*

*Күні: 07.11.2025ж*

*Жауапты: Кошкарбаева Асем Нурбакытовна - педагог-психолог*

Шағын орталық тәрбиеленушілеріне консультациялық пункттің жұмыс жоспарына сәйкес "Түстерді тану" тақырыбында танымдық сабақ өткізді. Сабақ барысында балалар негізгі түстерді (қызыл, сары, көк, жасыл және т.б.) ажыратуды үйреніп, түрлі ойындар мен жаттығулар арқылы ойлау қабілеттерін, зейін мен есте сақтауын дамытты.

- Балалардың қызығушылығы артып, белсенділік танытты.
- Әр бала өз сүйікті түсін атап, шығармашылық тапсырмалар орындады.
- Танымдық сабақ балалардың когнитивті дамуына оң әсер етті.

